

У 2006

391к



ТАЛҒАТ МҰҚЫШЕВ



СЫБЫЗҒЫ САЗЫ





ТАЛҒАТ МҰҚЫШЕВ

СЫБЫЗҒЫ САЗЫ

*Моңғолиядағы Баян-Өлгей
қазақтарының сыбызғы
күйлері*



ИЗДАТЕЛЬСТВО АЛМАТЫ
МӨНЕР 2005
ТАСТАСИ

ББК 85.957.2

М 83

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Мемлекеттік бағдарламасы бойынша шығарылып отыр.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының қобыз кафедрасы мақұлдаған.

Талғат МҰҚЫШЕВ.

М 83 Сыбызғы сазы. Музыкалық білім беретін оқу орындарына арналған оқу құралы.
— Алматы: Өнер, 2005 — 80 бет.

ISBN 9965-768-10-2

Бұл кітапқа қазақ халқының үрлемелі аспаптарының көне түрі — сыбызғыға арналған жалпы мағлұматтар, халық күйлері мен сыбызғышылық дәстүрді атадан — балаға мұра етіп қалдырған ХІХ—ХХ ғасырларда Монғолияның Баян-Өлгей аймағында өмір сүрген күйшілердің және бүгінде көзі тірі атақты сыбызғышы-композитор Кәлек Құмақайұлының күйлері енгізіліп отыр.

Оқу құралындағы күйлердің бәрін Кәлек Құмақайұлының орындауында Т.Мұқышев нотаға түсірді.

Кітап музыкалық білім беретін жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына, музыка зерттеушілерге сондай-ақ жалпы өнерсүйер көпшілікке арналған.

ББК 85.957.2

М $\frac{4905000000}{409(05)-05}$

ISBN 9965-768-10-2

© Т.Мұқышев, 2005
© “Өнер”, 2005

АЛҒЫ СӨЗ

Сыбызғы – қазақ халқының төл аспаптары қобыз, домбырамен қатар аталып сан ғасырлардан бері келе жатқан ұлттық үрлемелі саз аспабы.

Ол туралы құнды мағлұматтар халқымыздың аңыз-ертегілерінде, ауызша тараған мұрасының басқа да жанрларында, сондай-ақ қазақтың ұлы даласын аралаған саяхатшы-жиһангездер мен зерттеуші-ғалымдардың жазба еңбектерінде сақталған. Саяхатшы-ғалымдар өз еңбектері мен естеліктерінде ұлтымыздың саз аспабы сыбызғы туралы тамсана жазып, дала өнерінің өзіне төн ерекшеліктері мен қайталанбас қасиеттері жайында тарихи деректер қалдырған. Тамыры терең үрлемелі аспаптар туралы ғұлама-ғалым Әл-Фараби да өз еңбектерінде көптеген мағлұматтар келтіріп кеткен. Сыбызғы сазымен көне ғасырлардан жеткен “Аңшының зары”, “Қозы Көрпештің қоштасуы”, “Саймақ батырдың Сары өзені” атты күйлер тарихтың әр кезеңдерінен сыр шертіп, Тілеке мен Жантелі (XVII ғ.), Бейсенбі (XVIII ғ.), Қанхожа, Тулак, Сармалай, Ысқақ, Қайрақбай, Шанақ, Оспанғали, Көлек, Бейілхан тағы да басқа сыбызғышылар сыбызғы мұрасын ғасырдан ғасырға үзбей жалғастырған өнердің биік тұлғалары.

Академик А.Жұбанов 1934 жылы сыбызғышы Ы.Уәлиевті оркестр құрамында қызметке қалдырып, 1960 жылдары сыбызғышы О.Қожабергенке консерватория студенттеріне қосымша сыбызғы үйреттіруі және өнер зерттеушісі Б.Сарыбаевтың сыбызғыны жетілдіруде аянбай еңбектенуі қазақтың сиреп бара жатқан өнерін жоғалтпай сақтап қалу мақсатынан туындаған еді. Өкінішке орай, атақты сыбызғышылар өмірден ерте озып, соңында шәкірттері қалмағандықтан Қазақстанда сыбызғы өнері XX ғасырдың соңғы ширегінде ұмыт бола бастады.

Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияда ұлттық аспаптарымызды толықтырып жетілдіру, оның ішінде сыбызғы өнерін қайта жаңғыртып, рухани байлығымызға айналдыру мақсатында 1995 жылы сыбызғы класы ашылып, сыбызғы мамандығы бойынша студенттер оқытыла бастады. Республикамыз бойынша сыбызғының алғашқы кәсіби мамандық класын ашқан, Уфа консерваториясының түлегі, Қазақстандағы тұңғыш кәсіби сыбызғышы деген жоғары білімді диплом алған маман иесі Талғат Мұқышев болды. Содан бері Қазақ ұлттық консерваториясының сыбызғы мамандығынан сабақ беріп келеді. Оның бірнеше шәкірті республикамыздың концерттік мекемелерінде сыбызғышы болып еңбек етуде. Осы кезге дейін музыка зерттеушілерінің еңбектерінде қобыз, домбыра күйлерімен қатар, сыбызғы күйлерінің жекелеген нұсқалары ғана жарық көрген болса, автордың ұсынып отырған бұл еңбегі,

еліміздегі сыбызғыдан жеке шығып отырған ең бірінші жинақ әрі оқу құралы. Бұл кітаптың кіріспесінде сыбызғы аспабының пайда болу тарихы, жасалу тәсілдері және түрлері, аймақтық дәстүрлері мен сыбызғы өнерінің көрнекті өкілдері туралы маңызды деректер келтірілген. Сонымен қатар бұл тарауда сыбызғы күйлерін орындаушыларға арналған әдістемелік нұсқаулар көрсетіліп, автордың жеке архивінде сақталған сыбызғышы Кәлек Құмақайұлының фотосуреттері берілген. Кітаптың негізгі бөлімінде 40-тан астам сыбызғы күйінің кәсіби деңгейде нотаға түсірілген нұсқалары және олардың шығу тарихы туралы аңыз-әңгімелер беріліп отыр.

Бұл күндері сыбызғының үш ойықты, төрт-бес ойықты, алты-жеті ойықты түрлерін зерттеп, еліміздегі барлық аймақтардың, сонымен бірге Қытай, Монғолия қазақтарының сыбызғы және Башқұрттың құрай дәстүрлерін еркін меңгерген, сыбызғышылық өнерге түбегейлі берілген Талғаттың осы “*Сыбызғы сазы*” атты еңбегіне қарап, оның алдағы уақытта болашақ ұрпақтың кәдесіне жарайтын сыбызғы дәстүріне арналған басқа да еңбектер ұсынарына сенімдіміз. Т.Мұқышевтың бүгінгі күнге дейін өзінің таланты мен ізденісінің нәтижесінде, орындаушылық пен зерттеушілікті ұштастыра отырып жазған еңбегі және орындаған күйлері ұлттық музыка мәдениетіміздің дамуына қосылған зор үлес. Кезінде ғалымдарымыз А.Жұбанов пен Б.Сарыбаевтың “елімізден кәсіби сыбызғышы маман шығып, осы өнерді қолға алса екен” деген армандары орындалғанының бастамасын бүгінде Талғат Мұқышевтың халыққа танытып жүрген табыстарынан көреміз.

Талабыңа таудай нұр жаусын, сыбызғышы інім!

Еркеғали Рахмадиев,
композитор, КСРО және ҚР халық әртісі,
Халықаралық һәм мемлекеттік
сыйлықтардың лауреаты, профессор.

КІРІСТЕ

Қазақ халқының ұлттық музыка мәдениетінде ерекше орын алған саланың бірі – аспаптық музыка. Осы ұлттық аспаптық музыкамыздың негізгі діңгегі – күй.

Күй – қазақ халқының асыл мұрасы, қымбат қазынасы, бірде тарихи-аңыз оқиғаларды баяндаса, бірде халықтың тіршілік тынысына байланысты өмірге үн қосып қайғы мен қуанышты сезімдерін толғаған. Күй қобыз, домбыра, жетіген, шертер т.б. ұлттық саз аспаптарда орындалып ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, күні бүгінге дейін жетіп отыр. Осындай күй өнерінің насихаттаушысы болған көне аспаптардың бірі – сыбызғы.

Сыбызғы – үрлемелі аспаптардың көне түріне жатады. Сыбызғының XVII-XIX ғасырларда қазақ даласына кең тарағаны туралы деректер ғалымдардың еңбектерінен орын алған. Зерттеуші Б.Сарыбаевтың “Қазақтың музыкалық аспаптары” атты еңбегінде СССР халықтары этнографиясының мемлекеттік музейінде Ш.Уәлихановтың сыйға тартқан сыбызғысы сақтаулы екенін жазады. Сондай-ақ, орыс зерттеушісі А.Левшин 1932 жылы Санкт-Петербургтан шыққан “Описание киргиз-кайсацских орд и степей” атты еңбегінде “Қылқобыз және сыбызғы қазақтың басты аспаптарының бірі”, – деп айтқан болса, саятшы капитан И.Б.Андреевтің естелігінде қазақтың музыкалық аспаптары туралы: “Так же имеют так называемые сыбызғы, сделанные из толстой стволистой травы и деревянные, обвитые толстою нитью с несколькими дырками” деген деректер бар. Ерте заманда қазақ сыбызғышылары көбінесе сыбызғыны қурайдан, қамыстан жасап алып тартқандары белгілі. Ғалым Қ.Жұбановтың “Қазақтың инструментінің біреуі “сыбызғы”. Жұрнақ түбіндегі “сыбызғы” сөзі ұяң дыбыспен айтылған түрінде, мұндағы ұяң “з” дыбысын қатаң “с” дыбысына айналдырсақ “сыбыс” болады”. “Сыбыс” қазақша “дыбыс” дегеннің бір баламасы, сонымен қатар бұл сыбызғы қамыстан, қурайдан жасалатын болғандықтан, қамыс та алғашқы әзірде осы сөзбен аталып кеткен. Қазақша қамыстың бір аты сыбыс. Көп жерде бұл сөз сақталмаған. Бірақ, ұзын бойлы жіңішке нәрсені таныту түрінде сын есім “сиди” түрінде пайдалану әр жерде бар. Сөйтіп “сыбызғы” деген сөз, бірінші жағынан, дыбыс, екінші жағынан, сол дыбысты шығаратын аспаптың аты болса, үшіншіден, сол құрал болатын заттың аты – қамыстың аты болады” – деп сыбызғы аспабы жайында жазған деректері осындай. Алтай халқының “сыбысқы” және хакас халықтарында “сыбысха” деп аталатын үрлемелі аспаптары бар. Сыбызғы тектес үрлемелі аспаптардың көпшілігі қурайдан, қамыстан жасалатыны жайында түркі тілдес халықтардың аңыз-ертегілерінен көп кездестіруге болады. Мысалы, қазақтың сыбызғысы, башқұрттың қурайы, түркіменнің түйдігі сияқты аспаптарының пайда болуы жөнінде ортақ аңыз бар. Ал бұл аңыз-ертегілердің барлығы сыбызғы тектес аспаптардың пайда болуын Ескендір патшамен байланыстырып, былай деп сыр шертеді:

– Әйгілі Ескендір патшаның басында қос мүйізі болса керек. Бірақ мұны тірі жан білмейді екен. Себебі шашын алдырған адамның басын шаптырып тастап отырыпты. Мұның мәнісі, Ескендірдің түсінде бір әулие: “Егер шашыңды

алушыдан басқа адам мүйізінің бар екенін білсе, сол күні жарық дүниемен қоштасасың” — деп аян беріпті дейді. Осыдан кейін-ақ сақтық жасап, шашын алған адамның басын кесе берген деседі. Осылайша Ескендірдің тоңірегінде қолының ебі барлары сирейді. Бір күні шаш алу кезегі патшаның жақсы көретін жақынының баласына келіпті. Сонда Ескендір сол жақынның баласына шашын алдыратын болғаннан кейін, уәзірлеріне: “Мына баланы йен далаға көзін байлап апарып тастандар, ит-құсқа жем болып немесе йен далада адасып өлсін” депті. Уәзірлер айтқан бұйрықты бұлжытпай орындап, сол күні-ақ баланың көзін байлап йен далаға апарып тастапты. Бала йен далада жол таба алмай қаңғырып жүргеніне біраз уақыт өтіпті. Күндердің күнінде баланың құлағына алыстан үзіліп-үзіліп шыққан дыбыс естіліпті. Дыбыс шыққан жаққа келсе судың жағасында өсіп тұрған қурайды өсімдік құрты тесіп кетіпті. Сол қурайдың тесігіне жел соғып үрлеген сайын, үзіліп-үзіліп қурайдың дыбысы шығып тұр екен. Бала қурайды кесіп алып өзі үрлеп қараса, одан да сазды әдемі әуен шығыпты. Қурайдан сыбызғы жасап алып сазды әуендерін тартып, елін-жерін іздеп жүрген баланы, аңшылар сыбызғының дауысын естіп келіп тауып алыпты. Аңшылар баланы аман-есен еліне алып барып, бала басынан өткен хикаяны халыққа жариялап айтып беріпті. Құпиясы жария болған Ескендір жарық дүниемен сол күні қоштасыпты, баланың сыбызғымен тартқан сазы төрткүл дүниеге күй болып тарапты.

6
Сыбызғының дәстүрлі үлгісі қурай өсімдігінен жасалады, аспапты жасауға кара қурай, өгіз қурай, қырлы қурай түрлері пайдаланылған. Сыбызғышылар сыбызғыны қурайдан өздері жасап алып тартқан және оны жасау әдіс-тәсілдерінде әрбір өнерпаздың өзіндік өлшемі, өз заңдылықтары болған. Аспапты жасау үшін жаздың соңғы айларында, күз уақыттарында әбден өсіп жетілген өзегі кеңейіп, буыны қатайып кепкен тұзу қурайларды пайдаланған. Қурайды кейбір сыбызғышылар қолының ұзындығымен өлшеп кесіп алатын болған, енді бір өлшемнің түрі өнерпаз-шебер өз тұтамын өлшем етіп алты тұтам, жеті-сегіз тұтам етіп қурайды кесіп алған. Бұл әдіс-тәсіл Башқұрт қурайшыларында да көп қолданылады. Түркімен түйдікшілері аспапты қамыстан жасауына байланысты қамыстың буындарын санап алты-жеті буынын өлшеп алып қырқып алатын болған. Сыбызғының тесік-ойықтарын оюдың да өзіндік өлшемдері болған. Бірінші ойық қурайдың жіңішке ұшынан алақанның еніндей жерінен ойылады, яғни төрт елі болады. Екінші ойық бірінші ойықтан жоғары қарай үш елі өлшемінде ойылып алынады, келесі үшінші ойық екінші ойықтан екі немесе кейде екі жарым елі өлшемдерінде ойылады. Бабымен жасалған сыбызғының сыртынан сойылған малдың өңешінің ақ шелімен немесе жас төлдің аш ішегімен қаптайтын болған. Мұндай сыбызғының үні таза, ыстық-суыққа берілмейтін және ұзақ уақытқа дейін шыдайтын болады. Қурай сыбызғыны тартқанда орындаушылар қурайдың өзегін сумен бүркіп отыратын болған. Себебі, қурайдың іші кеуіп, қаңсып кетуіне байланысты дыбыстың біркелкі шығуымен, бояуына кедергі жасайды. Қурайдан жасалған сыбызғының дыбысы әуезді-жұмсақ табиғатқа жақын табиғи болып шығады.

Сондай-ақ сыбызғы аспабының қызыл ағаштан, талдан жасалған түрлері кездеседі. Ел ішіндегі өнерпаздар сыбызғының дыбыс қуаты мен жан-жақты

мүмкіндіктерін жетілдірумен бірге, ұзақ уақыт тартқанға шыдамды болуына да көп күш салған. Қурай көпке шыдамаған. Уақыт өткен сайын сыртқы күшке төзімділігі азая берген. Ал кейбір өлкелерде сыбызғыға жарамды қурайлар өспеген. Сондықтан халық өнерпаздары сыбызғыны ағаштан жасауға көшкен. Экспедициялық сапармен Шығыс Қазақстан өлкесіне барғанымда Зайсан ауылында тұратын сыбызғышы К.Құмақайұлының ағаш сыбызғының үлгісін жасағанын көріп, үйреніп, бейнетаспаға жазып алудың сәті түсті. Ол кісінің сыбызғыны ағаштан жасау тәсілі былай:

Ең алдымен ұзақ уақыт кеуіп қатайған қарағайдың бұтағы жоқ тұзу жерінен 55-60 см ұзындығындай өлшеп кесіп алады. Одан кейін сыртын тазалап жұмырлап жонады, тазаланып болған соң ағашты ортасынан қаққа бөледі. Бөлінген ағаштың ішкі жақтары ойылып өзек жасалады, өзектің іші тазартылып болған соң өзектің өрнек-өрімін бір-біріне дәл қиылысуын келтіре отырып, қайта беттестіріп, желімдеп сыртынан шуда жіппен орап байлайды. Желім қатып, мықтап ұстап қалғанша кептіріледі. Кептіріліп болғаннан кейін оралған жіпті шешіп, төменгі ұшынан өз өлшемі бойынша бірінші, одан кейін екінші-үшінші ойықтар отқа қыздырылған темірмен тесіледі. Ең соңында аспаптың бас жағынан, орта белінен және төменгі ұшынан ішекпен байланады. К.Құмақайұлының айтуынша бұрындары ағаш сыбызғының сыртынан да малдың өңешінің ақ шелімен немесе ішегімен қапталатын болған. Ағаш сыбызғы туралы Семейдегі Абайдың әдеби-мемориалдық музейіндегі инвентарлық N415 кітапта былай деген:

“Қазақтың флейтаға ұқсас бұл аспабы екі шағын ағаш науадан жасалынған, науалардың қуыс жақтары бір-біріне қаратылып, сыртынан қойдың немесе ешкінің өңешімен қапталған. Түтік төменгі ойыққа қарай жіңішкере түседі, төменгі ұшында үш ойық бар”.

Сыбызғының қурай, ағаштан басқа тағы да бір түрі – жезден жасалатын түрі. Жез сыбызғы ел ішіндегі өнерпаздардың басқа халықтарда кездесетін темірден жасалған үрлемелі аспаптарға еліктей отырып, ұзын жез түтікшелерді пайдаланып келген. Бірақ жез сыбызғы ел ішінен қолдау тауып өркендеп кете алмады. Оның себебі жез сыбызғының үні бұрыннан қалыптасып қалған қурай, ағаш сыбызғылардан өзгеше, әрі құлаққа тосын естіледі. Дегенмен қалыптасқан ойнау әдістерін пайдалана отырып сыбызғы үнінің халық көңіліне жақын ерекшелігін жез сыбызғыда да меңгерген таланттар болды. Олар: Ы.Уалиев, Б.Шерубаевтар еді. Сыбызғыны жетілдіруде көп ізденген зерттеуші Б.Сарыбаев та жез сыбызғыны шебер тартқан.

Сыбызғы бір қарағанда қарапайым аспап болып көрінгенмен үрлемелі аспаптардың ішінде дыбыс шығаруы жағынан күрделілігімен ерекшеленеді. Сыбызғыда мүштік болмайды, ол тіске қойылып тартылатын аспап. Сыбызғыда дыбыс шығару үшін түтіктің бас жағын тіске тірейді. Содан кейін ауаны сыртқа шығармай түтіктің бір жағын ернімен жауып тұрады, ауыздың бір бөлігі ашық қалады. Тіл мен үстіңгі тістің арасында сәл саңылау қалуын қарастырады, осы саңылау арқылы келген ауа толқыны түтіктің шет-шетіне соғылып дыбысқа айналады. Дыбыстың таза шығуы ауа толқынына байланысты. Сондықтан орындаушының тынысы кең болуы шарт.

Сыбызғышылар күй тарту барысында үш түрлі дыбысты үндестіру арқылы, тыңдаушысын ғажайып әсерге бөлейді. Бұл дыбыстарды кәдімгі тыңдаушылар сыбызғының үн-дыбысы, ауыз жаңғырығы, сыбызғышының көмейінің дауысы деп ажыратып отырады. (А.Сейдімбеков “Күй шежіре”). А.Жұбановтың “Ғасырлар пернесі”, Б.Сарыбаевтың “Қазақтың музыкалық аспаптары” атты еңбектерінде шебер сыбызғышылар күй тартқанда төменгі регистрде өзінің көмей дауысын сыбызғы үніне қосып екі дауыста орындағандары жайында айтылған. Осы қосдауысты орындаушылық тәсілі сыбызғы тектес аспаптар курай, түйдік, цурда да кездеседі. Яғни, бұл мәселе сыбызғының түркі-монғол халықтарының осы тектес музыкалық аспаптарын жасау және композициялық-иірімдік деңгейлерімен қатар, дәстүр дүниетанымға негізделген дыбыс шығару жүйесіндегі ортақтығын көрсетеді. Үрлемелі аспаптарға көмей дауысын қосып орындаушылық, Сібір халықтарының қос дауысты ән-жыр салу дәстүріне жақын болып келеді. Көмей арқылы қос дауысты ән салу Тыва, Алтай, Монғол, Тибет, Хакас халықтарында кеңінен тарап бірнеше түрлері дамыған. Зерттеуші Л.Халтаеваның еңбегінде көп дауысты және қос дауысты ән салудың бірнеше түрлерін айтады. Жоғары регистрде ысқырып шығатын “сығыт”, ортаңғы регистрде қоңырау тембрлі “хоомей” және төменгі регистрде күркіреп шығатын “қарғыра” түрлерін баяндайды. Көмеймен ән салуды көне мифологиялық ұғымдармен байланыстырған, Сібір халықтары бұл ән салуды бақсылыққа және жерлеу салттарында қолданған. Көмеймен ән салу әртүрлі аспаптардың сүйемелдеуімен де айтылады. Алтай халқының дастаншылары өздерінің шертпелі аспаптарын орындай отырып көмей дауысын қосып дастан айтады. Хакас халықтары шатханның (жетігенге ұқсас) сүйемелдеуімен қос дауысты етіп ән салады. Шертпелі, ыспалы аспаптармен бірге шаң қобызға көмей дауысын қосып орындау Сібір халықтарына тән дәстүр. Сонымен қоса халық өнерпаздары көмей дауысын үрлемелі аспаптарда да жиі қолданған. Бұл үрдіс қазақтың сыбызғышылық дәстүрінде де маңызды орын алған. Дәстүрлі сыбызғышылар Ы.Уалиев, Б.Шерубаев, М.Оңғаров, Ш.Ауғанбаев, К.Құмақайұлының орындауындағы күйлерден естіп, білуге болатын болса, белгілі музыка зерттеушісі Б.Ерзакович сыбызғы күйлерін нотаға түсіргенде сыбызғымен көмей дауыстарын жеке-жеке жазып анық белгілеп көрсеткен. Көмей арқылы қос дауыспен ән салғанда төменгі бурдон дауысы әннің негізгі дауысын созып ұстап тұрады, ал ысқырық екінші шығатын дауыс әннің негізгі әуенін жүргізіп отырады. Осы тәсілді сыбызғыда пайдаланғанда бурдон дауысы күйдің негізгі тонын созып ұстап тұрады, сыбызғының үні негізгі күйдің әуенін жүргізіп отырады. Ғалымдардың еңбектеріндегі мифологиялық ұғымдармен қарайтын болсақ: сыбызғының үні жоғары дүниені білдірсе, бурдон дауысы төменгі дүниені бейнелейді, ал сыбызғыда орындаушы жоғары мен төменгі екі дүниені байланыстырып тұрған бұл дүниенің дәнекершісі ретінде көруге болады.

Сыбызғы аспабы ертеден қазақ халқының қайғысы мен қуанышын бөліскен жансерігі болғаны мәлім. Сыбызғы арқылы қазақ халқы өзінің арманын мұң-мүддесін, сан-қилы өмір жолында болған оқиғаларын, наразылығын, биікке құлаш ұрған қиялдарын, өмірге деген сүйіспеншілігін күй қылып тартып ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып асыл мұра ретінде қалдырып отырған. Сыбызғы

күйлерінің тақырып ауқымын қарайтын болсақ, қазақтың басқа да музыкалық аспаптарына арналған күйлер секілді. төрт түлік мал, жан-жануарлар, табиғат және адамдардың күнкөріс тұрмысына байланысты. Мысалы, “Салқұла”, “Өрелікер”, “Тепенкөк”, “Майдажал” күйлері ер қанаты — атты суреттесе, “Бозінген”, “Көк бұқа”, “Ақсақ қой”, “Көк серке” күйлері төрт түлік малды сипаттайды. Ал “Ақ бөкен”, “Сарыала қаз”, “Бұл-бұл торғай” күйлері жан-жануарлар мен аң-құстарды бейнелеп, “Кең жайлау”, “Ертістің толқыны” күйлері табиғат тақырыбына арналған. “Арбианның қоңыры”, “Бөкен жарғақ” күйлері аңшылық заманнан сыр шертсе, “Жетім бала”, “Мұңды қыз”, “Сағыныш”, “Арман” күйлері қоғамдық тұрмыс-салтқа байланысты туған күйлер.

Қазақ халқының домбыра, қобыз аспаптарында орындалатын жанрлық күйлер, сыбызғыда да жиі кездеседі. Өзінің аты айтып тұрғанындай, “Жоқтау” атты күй, немесе “Бөкен жарғақ” күйінде ағасының өлімін жеңгесіне сыбызғы арқылы естірткен “естірту” күйлері біздің бұл айтқанымызға толық дәлел бола алады. Ұлы ғалымымыз Шоқанның қазасын да әкесі Шыңғыс Уалихановқа сыбызғы мен қобыз арқылы азала күй тартып естірткен.

Күй тартысып сайысу арқылы өнерлерін сынға салу, қазақ күйшілерінің арасында ертеден келе жатқан дәстүр. Күй тартысында ердің намысы ғана емес, елдің де намысы сынға түседі. Мұндай үрдіс сыбызғымен ойналатын күйлерде де кездеседі. Бұған қазақ пен түркіменнің, қазақ пен қырғыз, қазақ пен қалмақ арасында болған күйшілер сайысы, соған орай туған күйлері куә. Дәулеткерей, Өскенбай сынды күйшілердің түркімен күйшілерімен, Тоқа, Ықылас сынды күйшілердің қырғыз күйшілерімен және Тәттімбет пен қыздың тартысы т.б. арада болған күй сайыстарында дүниеге келген небір сиқырлы саздар ұрпаққа мұра. (А.Сейдімбеков “Күй шежіре”). Міне осындай күй тартыс өнері қазақ сыбызғышыларының арасында кеңінен дамыған. Зерттеуші Т.Бекхожинаның “Даламның назды саздары” атты еңбегінде ХҮІІ ғасырда өмір сүрген әйгілі сыбызғышылар Тілеке мен Жантелі Бұланұлының сыбызғымен күй тартысқандары тарихтан сыр шертсе, ал академик А.Жұбанов өзінің “Өскен өнер” атты кітабында “Үстіміздегі (XX) ғасырдың оныншы жылдарында өз ауылымда сыбызғышылардың өнер сайысын көрдім” — деп жазады. 1922 жылы Шығыс Қазақстанда Шерубай мен Мұса бақсы, 1950 жылдары Оспанғали Қожабергенов пен Шанақ Ауғанбаевтар сыбызғымен өзара күй тартысқа түскен. Міне бұл деректерге сүйенер болсақ, сыбызғышылардың дәстүрлі сайысы бертінге дейін жеткенін көруге болады. Ш.Ауғанбаевтың орындауындағы “қазақ пен қалмақтың” сыбызғымен тартысқан тартыс күйлері нотаға түсіріліп, кітап болып жарық көрді. (А.Райымбергенов, С.Аманова “Күй шежіре”).

Сыбызғышылық дәстүр республикамыздың Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан өңірлерінде өз орындаушылық ерекшеліктеріне қарай кең таралған.

Шығыс Қазақстандағы сыбызғышылық дәстүрінің түп тамыры сонау алыс ғасырлардан басталатынын байқауға болады. Мәселен, көне аңшылық заманнан бізге айтылып жеткен “Аңшының зары” күйі, бүкіл түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ “Қозы Көрпеш—Баян сұлу” дастанындағы “Қозы Көрпештің қоштасуы” атты күй де осы өңірде сақталып, орындалып жүр.

Шығыс Қазақстандағы сыбызғышылық дәстүрі Алтай Тарбағатайы тауын бойлап Қытай, одан әрі Монғолия аймақтарын қамтыған. Алтайдан Баян — Өлгейге дейін тараған сыбызғышылық өнер, үлкен үш мемлекеттегі қандастарымыздың ортақ мәдени мұрасы болып отыр. Бұл өңірдегі сыбызғышылар XVII ғасырдан бастап XX ғасырдың елуінші жылдарына дейін сыбызғымен өнер жарыстырып отырған, оған сыбызғышылар Тілеке мен Жантелі, Шерубай мен Мұса, Оспанғали мен Шанақтың сайыстары тарихи айғақ бола алады. Еліміздің шығыс өңірінде жеті атасынан бері сыбызғышылық өнерді жалғастырып келе жатқан сыбызғышы әулеттер де баршылық. Олар Шығыс Қазақстан сыбызғышылық дәстүрін бертінге дейін жеткізген сыбызғышылар: Бихан Шерубаев, О.Қожабергенов және Ш.Ауғанбаевтар. Сыбызғышы Ш.Ауғанбаевтың орындауында біраз күйлер тарихта алғаш күйтабаққа жазылып жарық көрді. Ол бірнеше рет Алматыға келіп, халық-жұртшылыққа сыбызғы тартып, өз өнерін көрсетті. Шығыс Қазақстан сыбызғышылары көбінесе үш ойықты сыбызғыда ойнайды, үш ойықты сыбызғының диапазоны қысқарақ болады. Күйлерінің сазы ән тектес, бірнеше әуеннің қайталануынан қалыптасқан. Дыбыстық обертондарға бай, өзіндік көне иірімдері сақталған, дыбыс қатары мажорлы лад болып келетін сыбызғыда орындаумен ерекшеленеді.

Батыс Қазақстан сыбызғышылық дәстүрінің көрнекті өкілдерінің бірі Сармалай. Сармалайдың күйлерін бізге жеткізген сыбызғышы Ысқақ Уалиев болатын. Ы.Уалиевтің орындауында Сармалайдың бірнеше күйін академик А.Жұбанов нотаға түсіріп, жарыққа шығарды. Бұл өңірдің тағы бір сыбызғышысы Мәкәр Сұлтаналиевтің күйлері Б.Сарыбаевтің орындауында күйтаспаға жаздырылды. Маңғыстау өңірінің сыбызғышысы Мүйімсат Оңғаровтың орындауындағы күйлер А.Райымбергеновтың жазып алуында бізге жетіп отыр. Батыс Қазақстан өңірінің сыбызғы күйлерінің әуені созылыңқы жәй болып келеді. Диапазонының кеңдігі, регистрлық мүмкіндіктерді мейлінше пайдаланғаны және дыбыс қатары минорлы лад сыбызғысында орындалуымен ерекшеленеді.

XVII-XIX ғасырларда халық арасында кең тараған сыбызғы аспабы мен күйлерінің көпшілігі бізге толық жетпей қалды. Сыбызғының ел арасында сиреуімен бірге осы аспапта орындалған күйлер сиреп, басқа қобыз, домбыра аспаптарында орындалып, уақыт өте сол аспаптардың күйлері болып сіңіп кете барған. Өйткені, қобыз, домбыра күйлерінің ішінде “сыбызғы күйі” деген атпен тартылып жүрген күйлер жиі ұшырасады.

1934 жылы Құрманғазы атындағы оркестрдің құрамына халық орындаушыларының бірінші бүкіл қазақстандық слетіне қатысқан өнерпаздар алынды. Осы өнерпаздармен сыбызғышы Ысқақ Уәлиев те оркестрге жеке орындаушы ретінде жұмысқа қабылданады. 40-жылдарға дейін Ы.Уәлиевтің орындауында сыбызғы күйлері сахнадан орындалып, насихатталды және бірнешеуі нотаға түсірілді. Амал қанша, 1944 жылы Ұлы Отан соғысында сыбызғышы Ы.Уәлиев ерлікпен қаза тапты. Сыбызғышының ұнтаспаға жазылған күйлері бізге жетпей қалды, тіпті сыбызғы аспабы да сахнадан көрінбей, насихатталмай ұмыт бола басталды. Алпысыншы жылдары А.Жұбановтың басшылығымен Алматы консерваториясында сыбызғыдан сабақ

беріледі. Оған Шығыс Қазақстан облысынан А.Жұбановтың шақыруымен сыбызғышы Оспанғали Қожабергенов келіп, консерваторияда екі жылдай дәріс жүргізіп, шәкірттер дайындай бастайды. А. Жұбановтың алпыс жастағы қарт сыбызғышыны ауылдан алдырып, сыбызғының қыр-сырын шәкірттерге үйреттіргенінің үлкен себебі болды. Өйткені ол қазақ сыбызғысының болашағына үлкен үмітпен қарап қобыз, домбыра аспаптары сияқты, сыбызғыға да өнер ордасынан өзіне лайықты орын бөлуді мақсат етті. Өкінішке орай О.Қожабергеновтың денсаулығына байланысты ауылына қайтып кетуі, екі жылдай сабақ жүргізілген сыбызғы класының жабылуына себеп болды. 1970-80 жылдары зерттеуші Б.Сарыбаевтың сыбызғы аспабына сіңірген еңбегі ұлан-ғайыр. Ғалым сыбызғының мүмкіндіктерін зерттеп, фольклор ансамбльдеріне қосып, жеке күйлер орындап, қайта жаңғырта бастаған еді, зерттеушінің бұл еңбегі соңына дейін жетпей қалды. Дегенмен сыбызғышылық дәстүр Қазақстанға қарағанда Шығыс Түркістан (Қытай) және Баян-Өлгей аймағындағы қазақтарда бүгінгі күнге дейін жақсы сақталған. Солардың бірі – Баян-Өлгейден көшіп келген сыбызғышы Кәлек Құмақайұлының Қазақстандағы сыбызғышылық дәстүрдің қайта жанданып, қалыптасуына тигізген ықпалы зор екенін атап айтуға болады.

Сыбызғышылық дәстүр жайында Ш.Уәлиханов, А.Жұбанов, Б.Сарыбаев, А.Затаевич, Б.Ерзакович, В.Беляев, Т.Бекхожина, А.Мұхамбетова, С.Елеманова, У.Бекенов, А.Райымбергенов пен С.Аманова, т.б. ғалымдар мен өнер зерттеушілердің еңбектерінде және М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Т.Әлімқұлов, А.Сейдімбеков, М.Мағауин, С.Ақатаев сынды көрнекті жазушылардың қаламынан туған әдеби аңыз-әңгімелер, тарихи деректерде сыбызғы өнері жайында біршама мағлұматтар беріледі.

11

СЫБЫЗҒЫШЫ КӘЛЕК ҚҰМАҚАЙҰЛЫ

Халқымыздың күй өнеріндегі сыбызғышылық дәстүр ХІХ ғасырда еліміздің Шығыс Қазақстан мен Батыс Қазақстан өңірлерінде кең тарап, сол өңірлердің ерекшеліктеріне орай өз алдына жеке-жеке орындаушылық дәстүрлер қалыптасқан. Міне осындай сыбызғышылық дәстүрдің бірі Монғолияның Баян-Өлгей аймағында сан ғасырлар бойы сақталып, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Оны жеткізуші күйші, композитор Кәлек Құмақайұлы жайында айтар болсақ, біріншіден өзім ұстаз тұтып алдын көрген сыбызғышы Кәлек ағамен алғашқы кездесуімнен бастайын.

Еліміз егемендік алғаннан бастап, сырт елде жүрген қазақ қандастарымыз ата жұртына қарай көшіп келе бастады. Сол көштің бірі Монғолияның Баян-Өлгей аймағынан келген көш. Бұл көшпен бірге сыбызғышылықты ата-бабасынан мұра тұтқан атақты сыбызғышы Кәлек Құмақайұлының отбасы да атажұрт Зайсан ауылына келіп қоныс тікті. Мұндай қуанышты хабарды ести сала, Кәлек күйшімен кездесуге Шығыс Қазақстан өңіріне жол тарттым. Зайсан ауылына қоныстанған Кәлек ағаның үйіне келіп, қақпадан кірген бойда ағаның өзі шығарған “Арман” атты күйін сыбызғымен тарта жөнелдім. Үйден Кәлек

аға күлімсіреп шығып, жүзінен жылылық лебі есіп, өз күйін естігеннен бе, әлде қуаныштан толқыды ма қасыма келіп терең ойланып күй біткенше тындап тұрды. Күй біткен соң құшағын жайып төс қағыстырып амандасты. Жұбайы Сақып апай да үйде екен, амандық-саулық сұрасып, келген шаруамды айтып біраз әңгімелестік. Содан соң келген шаруам бойынша, келесі күнге ұнтаспаға күйлер жазып беруге ризашылығын білдірді. Келіскен уақытымнан кешікпей келсем, Кәлек аға бірнеше сыбызғыларын дайындап күтіп отыр екен. Қуанышты сәт те жетті, үш ойықты қызыл ағаштан ойып жасалған сыбызғысын қолына алып Кәлек аға бір күйді бастап жіберді. Үйдің шағын бөлмесін құлаққа жағымды бір ғажайып үн кернеп кетті. Сыбызғының үні: “Тылсым табиғаттың тербелісіне жақын ғой”, – деп академик Ахмет Жұбанов айтқандай, күй бірде боздаса, бірде сыңсып сыбызғының өзегінен төгіліп жатты. Таңертеңнен кешке дейін көптеген күйлер орындалды, күйлердің шығу тарихы мен аңыздары айтылды. Сонымен қоса, сыбызғыны ағаштан қалай ойып жасауды және күй тартудың қыр-сырын үйретті.

– *Талғат балам, көзімдей көріп жүр* – деп бір сыбызғысын сыйға тарта отырып, қол жайып ұстаздық ақ батасын берді. Мұндай дәстүрлі орындаушыны және сыбызғының осыншама көп күйін өз басым алғаш естіп көруім еді. Міне менің Кәлек күйшімен алғашқы кездесуім осылай басталды.

Кәлек Құмақайұлы Баян-Өлгейдегі сыбызғы дәстүрінің бірегей мұрагері. Оны сыбызғы өнерінің шежіресі десе де болғандай. Өйткені, Кәлек күйші сыбызғының көпшілікке белгісіз күйлерін орындаумен қатар, күйлердің шығу тарихына байланысты аңыз-әңгімелерді де жақсы білетін өнер иесі. Ол әр күйді орындар алдында, күйдің шығу жайындағы аңызын айтып отырады. Бұл да халқымыздың күй орындаушылық өнердегі атадан балаға беріліп келе жатқан дәстүр жалғастығының куәсі. Міне, енді сол көптеген жылдар бойы бойына сіңірген асыл мұраны бүгіндері халқына жеткізіп отыр. Сыбызғы күйлеріне арналып Қазақстанда тұңғыш рет жарық көріп отырған бұл кітаптың шығуына, Кәлек Құмақайұлының қосқан үлесі өте зор. Жинақтағы аңыздар мен күйлердің барлығы дерлік сол кісінің айтуы және орындауы бойынша жазылып алынды. Кәлектің күйші болуы аталарынан қонған өнер, яғни, әулеттік сипаттағы дәстүр жалғастығы.

Кәлек Құмақайұлының руы Орта жүз Керей ішіндегі Жантекей, Ботақара болып тарайды. 1930 жылы 20 мамырда Баян-Өлгей аймағы, Алтай сұмыны, Түргін ауылында дүниеге келген. Әкесі – Құмақай атақты сыбызғышы, әнші, ағаш шебері болған екен. Анасы – Ұрқия Бәшерқызы да әнші адам болыпты. Кәлек сыбызғыны сегіз жасынын бастап әкесі Құмақайдан үйренеді. Кәлек өскен Өтеміс ауылында, сыбызғышылық өнер жақсы дамыған. Есімі ауылға берілген Өтеміс – Кәлектің төртінші атасы. Бұл ауылда ертеде екінің бірі сыбызғы тартатын болған. Атамбай, Күнсән, Жиренше және Кәлектің әкесі Құмақай сияқты сыбызғышылар осы өңірде өмір сүрген. Ал Кәлектің әулетінде сыбызғышылық дәстүр, жеті атасынан бері үзілмей жалғасып келе жатыр.

Кәлектің атасы Делдал Сасанұлы Алтай, Қобда аймағына аты шыққан сыбызғышы, батыр, қамшыгер адам болыпты. Сыбызғы тартқанда үні қозы көш жерден естіліп тұрады екен және өзіне сыбызғыны қызыл ағаштан жасап алатын болған. Делдалдың інісі Шамғын шебер ұсталығымен де елге танымал

екен, ол Делдалға жезден суырмалы сыбызғы жасап тарту етеді. Делдал бұл сыбызғыны да еркін меңгеріп шебер орындаған дейді. Делдал өнерпаз әрі ержүрек батыр адам болса керек. Оның қонысы моңғолдың Ұранқай деген руымен жақын қоныстас отырыпты. Ұранқайдың жеріне малы өтіп кетсе, Делдал өзінің батырлығына сеніп, жалғыз барып алып келеді екен. Делдалдың “Жаяу Делдал”, “Жеті атым” күйлері бүгінге дейін жетіп, орындалып жүр. Ол жиырма бес жасында шешек ауруынан дүние салады.

Кәлектің әкесі Құмақай Шамғынұлы да (Шамғын Делдалдың туған інісі) сыбызғышылық өнерді ұстаған майталман өнерпаз болған. Он сегіз жасында елге аты жайылып, алыс-жақын жұртшылық біле бастайды. 1944 жылы Алтай қазақтарының көтерілісіне қатысып, Оспан батырды қолдауға Монғолиядан барған әскер қатарында болады. Ол осы соғыста жүргенде ел жұртын аңсап “Сағыныш” деген күй шығырады. Оспан батырдың ұйымдастыруымен өткен бір алқалы жиында Құрыш деген сыбызғышымен күй сайысына түседі. Бірінші орынға қасқыр ішік, екінші орынға түлкі ішік тігіледі. Бұл сайыста өнері үстем болған Құмақай жүлделі орынды жеңіп алып, қасқыр ішікті иемденеді. Соғыстан елге оралғаннан кейін Монғолияның мәдени-қоғамдық жұмыстарына белсене араласады. Аймақтық ойын-сауық отауының сыбызғышысы болып қызмет атқарады. Өмірінің соңғы жылдары ел басқару ісімен де шұғылданып, ауыл әкімі болады. Басқа қызметте жүрсе де, ол өнерден қол үзбейді. Осы кездері Құмақайдың өз жанынан “Құрбыма”, “Кең жайлау” сияқты күйлері туындайды. Құмақайдан тәлім алған Кәбетай Уатханұлы, Жұмайхан Ташынұлы, Нағашыбай және Кәлек сияқты шәкірттері оның өнерін жалғастырған, көрнекті сыбызғышылар.

Кәлек Тұлба ауылындағы сегіз жылдық мектепті бітіргеннен кейін, ата кәсібі малшылықпен айналысады. Он сегіз жастан бастап ауыл арасындағы той-томалақтарда сыбызғы тартып, елге таныла бастайды. 1958 жылы Монғолия Республикасы мәдениет министрлігінің жарлығымен жаңадан ашылған аймақтық музыка драма театрына шақырылып, халық аспаптар оркестріне сыбызғышы болып жұмысқа орналасады. Осы ұжымда қызмет атқара жүріп, музыкалық сауатын ашады. Церен Доржы, Хабидолла Тастанов, Мәлгеждар Әубәкіров сынды өнер саңлақтарынан білімін жетілдіре түседі. М. Әубәкіровтың нотаға түсіруінде “Жорға аю”, “Арбиян қоңыр” күйлерін оркестрдің сүйемелдеуімен сыбызғыда жеке орындайды. 1960 жылы Баян-Өлгей аймағының 20 жылдық, театрдың 10 жылдығына арналған өнер байқауларында өнер көрсетіп, үлкен сахна төрінде халық қошаметіне бөленеді. Монғол Халық Республикасының астанасы Улан-Баторда өткен бұл он күндік Кәлектің өнеріне үлкен жол ашады. Баян-Өлгей аймағының танымал өнерпазына айналған Кәлек Монғолияның он сегіз аймағын, 1965 жылы Тыва АССР, 1967 жылы Таулы-Алтай, 1974 жылы Қырғызстан, Польша, Германия, Чехия, Мәскеу сахналарында концерттік сапармен жүріп өнер көрсетеді. 1967 жылы Таулы-Алтайда зерттеуші ғалым Болат Сарыбаевпен кездесіп, ұнтаспаға сыбызғы күйлерін жазып береді. Еліміздің сол кездегі астанасы Алматыға келіп, музыка фестивальдеріне қатысып, сыбызғы тартып, өз өнерін халыққа паш етеді. Кәлек Құмақайұлы Баян-Өлгейдегі театр спектакльдері мен көркемфильмдерді дыбыстандырып сыбызғы үнімен көркемдейді. Сонымен


қатар аймақтық радио-теледидарының “Алтын қорына” көптеген күйлер жазып қалдырады. Театр жанынан сыбызғы үйірмесін ашып, көптеген мұрагер шәкірттер тәрбиелейді. Ерен еңбектерінің нәтижесінде “Монғолияның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері” деген құрметті атаққа ие болады. Бүгінгі күні атамекеніне оралған Кәлек ақсақал зайыбы Сақып Қайсарқызы екеуі тоғыз бала тәрбиелеп өсірген ардақты ата-ана. Отаны қазақ еліне жүзге тарта сыбызғы күйлерін жеткізіп, еліміздің мәдени қорына өзінің мол мұрасын қосып отыр. Осы жинаққа Кәлек күйшінің өзі шығарған “Арман”, “Бақыт құшағында” және “Шопан сазы” атты күйлері енгізілді.

СЫБЫЗҒЫ КҮЙЛЕРІН ОРЫНДАУШЫЛАРҒА ҚОСЫМША ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР

Баян-Өлгей аймағындағы сыбызғы күйлерінің құрылымында өзіндік белгілі қалыптасқан заңдылықтары бар. Оны осы жинақтағы Кәлек Құмақайұлының орындауындағы күйлерден көруге болады. Ол күйлердің көпшілігі басталғанда сыбызғының үнімен, көмей дауысын қосып “квинта” интервалына келтіріп ұзақ созып ұстап тұрады. Бұл домбыра, қобыз аспаптарындағы құлақ күйін келтіру іспеттес қолданылатын тәсіл. Бұл тәсіл башқұрт қурайшыларында да кездеседі және сыбызғы тектес аспаптарға тән, ортақ тәсіл болып табылады. Мысалы: Сыбызғы күйінің басталуы, халық күйі “Кербез қыз”.

14


Сыбызғы үні.



Көмей дауысы

Мысалы: Башқұрттың қурай күйінің басталуы. Башқұрт халық күйі “Биктамыш”.

Қурай үні



Көмей дауысы

Баян-Өлгей сыбызғы күйлерінің дыбыстық реті бес дыбысты болып келеді. Дыбыс қатарындағы IV-ші және VII-ші дыбыстар осы күйлерде сирек кездеседі. Өлшемі жағынан бұл күйлер көбінесе 2/4 өлшемінде орындалып, триоль ырғақтары жиі кездесіп отырады. Осы күйлерде сыбызғының бурдондық дыбысының атқаратын міндеті айрықша. Сыбызғының бурдондық дыбысы, бұл күйлеріндегі әуендік құрылымның ажырамас негізгі бөлшегі болып табылады. Өйткені, әр күйде әртүрлі кездесетін бурдондық дыбысты, бір күйде әлді үлеске келгенін, енді бір күйде әлсіз үлеске келгенін, кейде араласып келетінін көруге болады.


Мысалы: Сыбызғының бурдондық дыбысы, халық күйі “Арбиян қоңырда” әлді үлеске келіп отыр.



Мысалы: Сыбызғының бурдондық дыбысы, Көлектің “Арман” күйінде әлсіз үлеске келіп отыр.




Мысалы: Сыбызғының бурдондық дыбысы, халық күйі “Бөкен жарғақта” араласып келіп отыр.



Бұл сыбызғы күйлерінде тағы бір көп кездесетіні – форшлаг. Форшлаг – сыбызғы күйлерінде бір дыбыс қатарынан бірнеше рет тартылғанда, дыбысты даралап бөліп көрсету үшін саусақпен қағып орындалады. Ал кейбір күйлердегі құбылысты суреттеп, бейнелегенде де форшлагты қолданған.

Мысалы: “Жорға аю” күйіндегі аюдың боздағанын форшлаг арқылы көрсеткен.



Күй аяқталар шақта, бір дыбыстың бірнеше рет тартылуын да форшлаг арқылы бөліп отырған.

Мысалы: Халық күйі “Бөкен жарғақ”.



16 Баян-Өлгей сыбызғы күйлерінің құрылымы, халықтың қара өлеңінің құрылымына ұқсас болып келеді. Күйлердің негізгі әуені бірінші, екінші буында сақталып, үшінші, төртінші буыны қайырма тектес қайталаудан тұрады. Қайырмасы әр қайталанғанда негізгі әуеннен ауытқымай, ырғақтық өзгерістермен құбылып отырады. Жалпы сыбызғы күйлерінің көбісі, орындаушының еркіне қарай басынан аяғына дейін, бір немесе екі рет қайталанып барып бітеді.

Бұл сыбызғы күйлерінің дені Қазақ радиосының алтын қорына жазылып алынды әрі әуе толқыны арқылы беріліп жүр. Сондықтан елімізде сыбызғы күйлерінің радиодан болсын, теледидар арналарынан болсын кең насихатталуына және ең қуаныштысы – осынау сыбызғы күйлерінің “Сыбызғы сазы” деген атаумен жеке кітап болып жарық көруіне тікелей себепші болып, ағалық-азаматтық қолдау-көмегін көрсеткені үшін “Қазақстан” республикалық телерадио корпорациясының төрағасы Ғалым Төлембекұлы Доскен мырзаға шексіз алғысымды білдіремін.

Сыбызғышы, өнер зерттеуші Т.Мұқышев

Баяғыда ағайынды екі аңшы жігіт аңшылықпен күнелтіп өмір сүріпті. Екеуі де көздегендерін құр жібермейтін мергендер болыпты дейді. Күндердің бір күнінде әдеттегідей аң аулауға шыққан екеуі, жайылып жүрген бір топ бөкендерге тап болыпты. Сонда ағасы інісіне: “Сен бөкендерді тысынан айналып барып, маған қарай үркітіп жібер, мен осы тасада жасырынып жатып, жақындағанда атып алайын” дейді.

Інісі қырды айналып барып, бөкендерді үркітсе, бөкендер ағасы күтіп жатқан бағытқа емес, басқа жаққа қарай қашып қыр асып кетіпті. Сөйтіп жүргенде біраз уақыт өтіп, екі мерген бір-бірінен көз жазып қалады. Күн де бұлттанып құмды дауыл соғып, арты жауынға айланады. Ағасы күні бойы бір аң кездестіре алмай шаршап келе жатса, оқ жетерлік жерде бір бөкен қараңдап көрініп тұр екен. Қылт екенді құтқармайтын сұр мерген садағын құлаштай керіп тартып жібергенде, атқан оғы мүлт кетпей көздегенін мұрттай ұшырады. Бауыздап ала қояйын деп жүгіріп келсе, бөкен деп атқаны: “Бөкеннің үлкен бір текесін атып алып, терісін сыпырып ағашқа керіп қойып, сол терінің астында жаңбырдан ықтап отырған өзінің інісі екен” – дейді. Қапыда інісін “бөкен” деп атып алған ағасының, сондағы бауырының басын құшып жылаған зары кейін ел арасында “Бөкен жарғақ” деген күй болып тарап кетіпті.

Орташа.




ЖАРАЛЫ АҚ БӨКЕН

Халық күйі

Құралайды көзге атқан мерген жігіт бірде аң аулауға шығыты. Кезіккен анды құтқармайтын сұрмерген жайылып жүрген ақ бөкенге тап болады. “Қанжығам майланатын болды” деп қуанған жігіт ақ бөкенді нысанаға алып атып қалады.

Мергеннің “жықтым-ау” деп атқан бөкені ақсаңдай қашып, белестерден асып құтылып кетіпті. Жігіт оғының қалт кетуін “бөкенің киесінен болды” деп, осы бір оқиғаны сыбызғымен күй етіп тартқан екен.





АРБИЯННЫҢ ҚОҢЫРЫ *Халық күйі*

Арбиян деген кедей шал аңшылықты кәсіп етіп өмір сүріпті. Оның өзіне қолқанат болған он сегіз жасар ұлы болыпты. Бірде қарт аңшы ұлымен аң аулап жүріп Буыршын деген өзеннің арғы бетінде жайылып жүрген маралға кез болады. Баласы өзінің мергендігіне сеніп судың бергі жағасында тұрып атқан оғы маралға дөп тиіп, жаралы марал сол орнында құлайды. Олжасына асыққан аңшы жігіт тасқын судан өтейін десе өткел таппай әрі жүгіріп, бері жүгіріп өзеннің үстінде құлап жатқан қарағайды көреді. Әкесі: “Су тасып жатыр, барма дегенді елемей, албырт жігіт әлгі қарағайдың үстімен өтіп бара жатып, судың ортасына жеткенде, табаны тайып суға түсіп кетеді. Ағыны қатты тасқын су жігітті толқынына орап, батырып ағызып

әкетіпті. Сондағы қарт күйшінің баласынан айырылғанына қатты қайғырып тартқан зарлы күйі екен дейді.

I- түрі

Орташа.

The musical score is written on ten staves. The top staff is the melody, starting with a treble clef and a 7/4 time signature. It begins with a half note G4, followed by a quarter note A4, and then a half note B4 with a fermata. The rest of the melody consists of eighth and quarter notes, often beamed together. The lower staves represent the bass line, starting with a bass clef and a common time signature. It features a steady eighth-note accompaniment. Dynamic markings include 'p' (piano) at the beginning of each measure and 'V' (fortissimo) at the start of several measures. The score concludes with a double bar line.

A musical score consisting of six staves. Each staff has a treble clef and a common time signature. The music features a series of eighth and sixteenth notes, often grouped with slurs. Vertical accents (v) are placed above certain notes in the first five staves. The bottom staff concludes with a double bar line.

II- түрі

A musical score consisting of three staves. The first staff begins with the word "Органа" (Organ) above the first few notes. The music continues with eighth and sixteenth notes, slurs, and vertical accents (v) on the second and third staves. The score ends with a double bar line.

ЖОРҒА АЮ

Халық күйі

Бір аю аралды мекендеп, қонжықтарына таудан тамақ тасып жүргенде, жаңбыр сел боп жауып, тасқын жүріп апандағы қонжықтарын су алып кетеді. Сонда суға ағып кетіп бара жатқан қонжықтарын көрген аю, таудан жанұшыра боздап жүгіріп жүріп, қонжықтарын апаттан құтқарып алып